

Тақырыбы:

*Экскурсиятану пәні.
Экскурсия ісінің даму
тарихы.*



Орындағандар :Әбдрахман А, Қарабаева М,
Маратжанова Г, Самсалы А, Уайсқан А.
Қабылдаған: А.Абдреева Ш.Т

◆ Экскурсия белгілі бір білімді жеткізетін ағарту құбылысы ретінде сипатталады. Экскурсияның ерекшелігі – өздігінен қызмет жасай алуы және оқу процесімен байланыстылығы. Экскурсиялық қызмет қазіргі кезеңге дейін үлкен тарихи жолдан өтті. Әр тарихи кезеңде ол түрлі мәдени, экономикалық, ғылыми-техникалық мәселелерді шешті. Туристік саяхат ұзақ болғанымен, белгілі бір тақырып пен маршруттарда экскурсиялық қызмет көрсетеді. Сондықтан, туризм тарихына тоқталмай, экскурсияның даму тарихын айта алмаймыз.






Экскурсиялардың көпшілігіне скауттық қозғалыс үлкен серпіліс берді. Скауттар орманды және далалы жерлердегі жергілікті жағдайларға бейімделуді үйренді, өздерінің жазғы лагерлерінен радиалды экскурсияларға шықты, өз өлкелерінің тарихы мен географиясын зерттеді. Экскурсиялық қызметтің Ресей Испериясындағы дамуы 18-ғасырдың II жартысына тиесілі. Себебі, сол кезде алғашқы мұғалімдер Н.Н.Новиков пен В.Ф.Зуев балаларды табиғат аясына саяхатқа және экскурсияларға шығудың маңыздылығын түсіндіріп, тәжірибеге енгізді.



❖ Қазақтың алғашқы ғалымы Шоқан Уалиханов және сол заманның алдыңғы қатарлы азаматтары танымдық мақсатта экскурсиялар мен саяхаттарға шығып тұратын. Олар Әуесқой жаратылыстанушылар қоғамдастығы сияқты ғалымдар мен мұғалімдер арасында кішігір үйірмелер құрды. Олар қоршаған ортада таралған табиғат байлықтарын зерттеу мақсатында экскурсиялар ұйымдастырды.





Экскурсия – бұл оқыту және таныстыру мақсатымен белгілі жоспар бойынша айтылатын, қандай да бір заттарды (өнер шығармалары, өткен күндердің ескерткіштері, қандай да болса құрылыстар, механизмдер және т.б.) ұйымдастырылған түсініктемелермен жүргізілетін көрме. Жоғарыда көрсетілген анықтамалар бойынша әрбір экскурсияның спецификасы көрме мен әңгіменің бірлестігіне сүйенеді.



Экскурсияға тән белгілерге оның мақсаты мен міндеттерінің болуын, (яғни олар экскурсиялық нысандардың таңдауын экскурсия жүргізушінің портфелі деп атайды.) Барлық экскурсияның басты белгісі оның жүргізу кезіндегі экскурсиялық әдісті нақты пайдалануы болып табылады. Яғни көру мен әңгіменің бірлестігі.



Экскурсиялардың жіктемесі. Экскурсияның жіктемесі олардың топтары мен түрлеріне және сол немесе басқа экскурсияның жүргізу сипатын анықтайтын олардың әрбірінде негізгі белгілерінің бөлінетіндігін өзі көрсетеді.

XX Ғ-ң 70-ші жылдары кәсіби одақтардың бүкілодақтық орталық кеңесінің туризм және экскурсия бойынша орталық кеңесі қазіргі уақытта да қолданылатын өзгертілмеген экскурсияның жіктемесі қабылданды:



Мызмуны бойынша экскурсиялар бөлінеді: шолуық және тақырыптық. Онын ішінде тақырыптық келесі топтарға бөлінеді:





❖ Қазіргі уақытта экскурсиялық тәжірибеде тарихи төңкерістік экскурсиялар толық жойылуда, тарихи төңкерістік тақырыбына сәйкес тақырыпшалар бірқатар шолулық экскурсияларда сақталынды. Тақырыптық экскурсияның жіктемесіне бүгінгі күнде діни тақырыбына байланысты экскурсияларды енгізу керек. Әрбір аталған тақырыптық топтар өзінің ішінде мазмұны бойынша белгілі топшаларға бөлінеді:



Әзірленгендігі экскурсия дегеніміз – туристік экскурсиялық
ыымдармен жүргізілетін шолулық және
қырыптық экскурсияның барлық спектрі деп
талады.



Әзірленгендігі экскурсиялары – жұмыстың жоспары бойынша
экскурсия жүргізушінің кәсіби мамандылығын
оттыру формасын өзіндік көрсетеді. Олар
экскурсия жүргізушілерін дайындау және қайта
дайындау бойынша, жаңа экскурсияларға
экскурсия жүргізушілердің дайындау кезіндегі
урстар немесе семинарлардың тыңдаушылары
шін жүргізіледі.



Әзірленгендігі экскурсиясының қатысушылары алдын ала
экскурсияның бақылау мәнімен оның
маршрутымен, экскурсиялық нысандардың
тарточкаларымен т.б. танысады.



Экскурсия (лат. excursio – сапар) – ғылыми, білім беру, танымдық, мәдени-ағарту, демалу, т.б. мақсаттарда белгілі бір орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар немесе жорық. Экскурсиялық іс – халық арасында таралған мәдениағарту жұмысының маңызды бөлігі. Алғашы экскурсияларға өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі себепші болған, яғни жиі діни жерлерге қажылық жасаумен байланысты болды. Жалпы айтқанда саяхаттар мемлекеттің түрлі кезеңдерінде әркелкі функцияларды атқарған, ол сол ғасырдың қызығушылығына, жетістіктеріне байланысты болды. Қазірде экскурсия терминімен методика (әдістеме) арқылы алдын ала ойластырылған орынды, тарихи және мәдени ескерткіштерді көрсету, оның негізінде экскурсанттардың көз алдындағы нысандарға талдау жасай алу құбылысы байланысты. Бірақ экскурсияның негізін тек қана осымен түсіндіру дұрыс емес.



Кіші совет энциклопедиясында (1913 ж.) былай түсіндіреді: «Экскурсия – бір жерге ғылыми немесе білім алу мақсатымен өндіріс орны, совхоз, мұражайларға, т.б топпен шығу». Жоғары берілген анықтамалардың бәрі өз кезеңіндегі идеологияны, сол уақытқа сай көзқарастарды, экскурсияға жүктеген міндеттерді көрсетеді.



Ең алғашқы түсінігін 1882 жылы В. Даль берген: «Экскурсия – серуен, бір нәрсе іздеп шығу, шөп жинау, т.б.».





Экскурсияның даму жолы оның мақсатының өзгеруіне байланысты. Алғашында экскурсия шипалы шөп іздеу, жинаумен сипатталатын практикалық міндеттерді іске асыратын серуен болып табылса, кейінірек оның алдында өлкетану мұражайларына экспонаттар тамашалау сияқты ғылыми міндеттер пайда болды. Уақыт өте, экскурсиялар алдында жалпы білімді арттыру, тәрбие жұмысын тиімдендіру мақсаты пайда болып, нәтижесінде ол мәдени-ағарту құбылысына айналды. Қазіргі кезде экскурсия – тұтас, өзіне ғана тән функциялары мен белгілері, жеке методикасы (әдістеме) бар сала.

Экскурсия ұғымына түрлі басылымдарда соңғы 70 жылда берілген анықтамаларға тоқталайық: Ең алғашқы түсінігін 1923 жылы М.П. Анциферов берген: «Экскурсия – бұл серуен, яғни өз мақсаты ретінде көруге қолайлы объекті, тақырыпты нақты материал арқылы зерттеу». Экскурсиялық әрекеттің орнын мектептен тыс жұмыс ретінде сипаттай отырып, экскурсионист Л. Бархаш былай деген: «экскурсия – ол белгілі білім алудың көрнекілік тәсілі, алдын-ала өңделген тақырып арқылы нақты объектке бару кезінде тәрбие беру» Уақыты бойынша ХХ ғасырда соңғы жарияланған анықтама келесідей: «Экскурсия – оқудың, оқудан тыс жұмыстың ерекше формасы, оның барысында мұғалім-экскурсовод, оқушылар – экскурсанттар бірігіп, болып жатқан процестерді (завод, колхоз, тарихи ескерткіш, естелік орын, табиғат аясы т.б.) немесе арнайы мұражай, көрмелерді табиғи жағдайда бақылауы». Түрлі сөздіктерде, энциклопедияларда да «экскурсия» терминіне анықтамалар беріледі.

ЭКСКУРСИЯ, МӘДЕНИ АҒАРТУ
ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСҚА ФОРМАЛАРЫ
СИЯҚТЫ, ҰЙЫМДАСТЫРУЫНДА, ӨТКІЗУ
МЕТОДИКАСЫНДА ӨЗІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
БАР. ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ БАСҚА
ФОРМАЛАРМЕН ҰҚСАСТЫҒЫН НЕМЕСЕ
ОНЫҢ МҮЛДЕМ БАСҚА ЕКЕНІН КӨРСЕТЕДІ.



Экскурсиялық іс – халық арасында мәдени-ағарту жұмысының маңызды бөлігі. Оның тарихы жалпы 100 жылдан асқаны мен, ең дамыған кезі өткен ғасырдың 70-80 жылдарына келді.

Экскурсия білім алудың негізгі формасы. Сондықтан, экскурсия өткізген уақыты бойынша емес, тақырыбы бойынша жүйеленгені бекер емес. Экскурсияның бір неше түрлері бар: тарихи, тарихи-әскери, кәсіптік, табиғаттық, архитектура-градокұрылыстық, әдебиетік т.б.

«Экскурсия» сөзі латын тілінен пайда болған. Орыс тіліне XIX ғ. енгізілген, басында бұл сөз «әскери шапқын», кейіннен «серуенге шығу, жорық» деп белгіленген.



Алғашы экскурсияларға себепші болған, өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі. Жиі діни, әулие жерлерге қажылық жасау мен байланысты болды. Жалпы айтқанда саяхаттар мемлекеттің түрлі кезеңдерінде әр келкі функцияларды атқарған, ол сол ғасырдың қызығушылығына, жетістіктеріне байланысты болды.

Экскурсия кезінде білім алу мақсатын 18 ғасырдың алдыңғы қатардағы, прогресивті адамдары қойған. Ол үшін түрлі қоғамдық бірлестіктер құрып, қаржы мәселелерін ірі меценаттар (демеуші) арқылы шешкен.



Экскурсиятанудың пән ретінде дамуы Совет одағында педагогика, өлкетану, мұражайтану, туризмнің дамуымен тығыз байланысты.

Өткен ғасырлардың белгілі педагогтары экскурсияны оқу процесінің белсенді түрі деп санаған, сондықтанда экскурсия алғашында мектептерге енгізілген. Табиғатқа шығып, айналамен танысуда экскурсияның маңызы зор. Кейіннен оқу экскурсияларымен қатар, оқудан тыс экскурсиялар пайда бола бастады. Бірақ олар алғашыда өте аз, серігу үшін жасалған, билеуші клас өкілдерінің ғана қолы жеткен. Крымға, Кавказға, шетел курорттарына (Баден-Баден, Карловы-Вары) саяхат жасаған.





**Назарларыңызға
рахмет!**